Павлодар облысының
экономика және бюджеттік жосапарлау басқармасы

ОБЛЫС БЮДЖЕТІНІҢ 2027-2029 жылдарға арналған ЛИМИТТЕРІН ЖОСПАРЛАУ КЕЗІНДЕГІ ШЫҒЫСТАРДЫҢ БЮДЖЕТТІК ШОЛУЫН ЖҮРГІЗУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ бойынша ТҰЖЫРЫМДАМАЛАР мен ҰСЫНЫСТАР

Павлодар қ., 2026 ж.

Талдау объекті: облыстық бюджеттің барлық облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бойынша 2023-2026 жылдарға арналған тұрақты сипаттағы шартсыз базалық шығындары.

Талдау мақсаты: лимиттерді есептеу кезінде немесе 2027-2029 жылдарға арналған жаңа бастамаларды қаржыландыру кезінде жеткіліксіз қаржыландырылған бағдарламаларға қайта бөлу үшін бюджет қаражатының ішкі резервтерін іздестіру.

Ағымдағы жағдайдың сипаттамасы: 2023-2026 жж. облыстық бюджеттің шартсыз базалық шығындарына талдау жасау және олар бойынша 2027-2029 жж. лимиттерді есептеу екі әдіспен жүзеге асырылды.

1. 1-нұсқаның сипаттамасы

1.1. Нұсқаның атауы: регрессивті болжам жасау әдісі.

1.2. Нұсқаны іске асыруға бағытталған ұсыныстар: 2027-2029 жж. тұрақты сипаттағы шартсыз базалық шығыстар көлемін есептеу 4 алдыңғы жылдағы орташа жылдық көлемді *(2023-2025 жж. фактісі, 2026 жылғы 1 сәуірдегі нақтыланған жоспар)* анықтау негізінде, 2027-2029 жылдарға арналған жылдық инфляция индексін – 6% **қолдана отырып** жүзеге асырылады, бұл көрсеткіш ҚР Ұлттық экономика министрлігі 2026-2028 жж. жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу кезінде қабылдаған параметрлер деңгейінде *(ҚР ҰЭМ 2025 ж. 11.12. № 18-3-9/5908-И хаты)* және ҚР-ның 2026-2028 жж. әлеуметтік-экономикалық даму болжамында белгіленген инфляция индексі дәлілі шеңберінде *(2027 ж. – 5,5-7,5%, 2028 ж. – 5-7%)* анықталған. 2029 жыл алдыңғы жылдың деңгейінде – 6% деп анықталды.

1.3. Нұсқаны іске асырудың күтілетін әсерінің болжамы:

Шартсыз базалық шығыстардың жалпы көлемі 2027 жылы – 407,9 млрд т., 2028 жылы – 432,3 млрд т., 2029 жылы – 458,2 млрд т. болады. 2027-2028 жылдары бұл көлемдер 2026 жылғы шығындардан тиісінше 41,5 млрд т. және 17,1 млрд т. төмен, ал 2029 жылы – 8,9 млрд т. жоғары болады.

1.4. Нұсқаның қаржы-экономикалық негіздемесі: бұл әдіс 4 жыл (2023 жылдан 2026 жылға дейін) бойынша орташа жылдық көрсеткішті есептей отырып, барлық шартсыз базалық шығыстарға ортақ тәсілді қамтамасыз етеді, бұл 2027-2029 жылдарды болжау кезінде артық жоспарлау тәуекелдерін анықтауға және жоюға мүмкіндік береді.

1.5. Әдісті іске асыру тәуекелдері:

1-тәуекел. Бұл әдіс 2027-2029 жылдарға лимиттерді болжау кезінде заңнамалық нормалардың өзгеруін, тарифтердің болжамды өсуін, заттай нормалардың өзгеруін, штаттық санының өзгеруін, алушылар контингентінің өзгеруін және т.б. жеке ерекшеліктерін ескермейді.

2-тәуекел. Бұл әдісті қолданған кезде әр жыл бойынша шығыстардың жалпы көлемінде бір реттік шығындар ескеріледі, бұл тиімсіз жоспарлау тәуекелін арттырады.

1.6. Нәтижеге күтілетін әсер. 2027-2029 жылдарға арналған шартсыз базалық шығыстардың лимиттерін болжау үшін осы әдісті қолданғанда шығыстар көлемін дұрыс емес анықтау тәуекелі жоғары.

Сонымен бірге, оны талдау кезінде, артық жоспарлау сәттерін нақты анықтау және жою үшін **көмекші құрал ретінде пайдалану маңызды.**

2. 2-нұсқаның сипаттамасы

2.1. Нұсқаның атауы: прогрессивті болжау әдісі.

2.2. Нұсқаны іске асыруға бағытталған ұсынымдар: ҚР Бюджет кодексінің 70-бабының 3-тармағында, Бюджетті жоспарлау қағидаларының жобасында белгіленген талаптарды сақтай отырып, сондай-ақ алдағы үш жылдық кезеңге арналған болжамды параметрлердің өзгерістерін *(тарифтердің, аударымдардың өсуі, инфляция индексі, НҚА нормаларының, натуралды нормалардың, штаттық санының лимиттерінің және т.б. жоспарланған өзгерістері)* ескере отырып, бағдарлама ішіндегі шығыстардың әрбір түрін «қолмен басқару» режимінде егжей-тегжейлі талдау. Сонымен қатар, талдау процесінде 4 жылға жүргізілген мониторинг нәтижелерін *(2023-2025 жж. фактісі, 2026 жылғы 1 сәуірдегі нақтыланған жоспар)* ескеру қажет.

2.3. Нұсқаны іске асырудың күтілетін әсерінің болжамы: Шартсыз базалық шығыстардың жалпы көлемі 2027 жылы – 438,8 млрд. тг, 2028 жылы – 428,8 млрд. тг, 2029 жылы – 411,9 млрд. тг құрайды, бұл 2026 жылға арналған нақтыланған бюджеттен тиісінше 10,9 млрд. тг, 20,6 млрд. тг және 37,5 млрд. теңгеге төмен.

2.4. Нұсқаның қаржылық-экономикалық негіздемесі: бұл әдіс шығыстардың әрбір түрі үшін егжей-тегжейлі талдауды қамтамасыз етеді және, салдарынан, есептеудің бірінші нұсқасына қарағанда ұтымдырақ және тиімдірек тәсілді қамтамасыз етеді. 4 жылдық мониторингті қосымша пайдалану жоспарлы кезең үшін шығыстарды болжау кезінде артық жоспарлау тәуекелдерін анықтауға және жоюға мүмкіндік береді.

2.5. Әдісті іске асыру тәуекелдері: болжау және нормалау құралдарын пайдаланған кезде шығындарды есептеудің нақты мәліметтермен салыстырғанда дәл емес болу тәуекелі бар. Тәуекелді азайту мақсатында жоғарыда көрсетілген әдіс алдыңғы 3 жылдың нақты деректерімен және ағымдағы жылға арналған нақтыланған жоспарлы меншіктемелермен талдаумен біріктіріледі.

2.6. Нәтижеге күтілетін әсері. 2027-2029 жылдарға арналған шартсыз базалық шығыстар лимиттерін болжау үшін осы әдісті қолдану бюджеттік қаражатты ең тиімді болжауды қамтамасыз етеді.

Нұсқаларды салыстыру:

Салыстыру критериясы	**1-нұсқа**	**2-нұсқа**
Шығындарға әсері: шартты емес базалық шығындардың болжамды көлемі	2026 ж. – 407,9 млрд.т., 2027 ж. – 432,3 млрд.т., 2028 ж. – 458,2 млрд.т.	2026 ж. – 438,8 млрд.т., 2027 ж. – 428,8 млрд.т., 2028 ж. – 411,9 млрд.т.
Күшті жақтары	Өткен жылдардың **нақты нәтижелеріне бағдарлану** алдағы үш жылдық кезеңдегі артық жоспарлау тәуекелдерін анықтауға және жоюға мүмкіндік береді	**Әдістің икемділігі:** НҚА нормаларының, нормативтердің, тарифтердің, қызметтер құнының және т.б. өзгеруіне байланысты қосымша қажеттіліктерді болжау мүмкіндігі бар. Сонымен қатар, көлемнен бір реттік сипаттағы шығындар алынады. Осылайша, нәтижеге ең тиімді жету үшін

		шығындардың оңтайлы көлемі қамтамасыз етіледі.
Әлсіз жақтары, тәуекелдер	Барлық шығындарды есептеудің орташаланған тәсілі үш жылдық перспективада болжанатын өзгерістерді ескеруге мүмкіндік бермейді.	Болжамды есептеулерді асыра бағалау тәуекелі бар. Бұл тәуекелді азайту үшін алдыңғы 3 жылдағы шығындарды мониторингілеу құралын қолдану қажет.

ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Бірінші әдіс шығындардың барлық бағыттарына тек біріңғай орташа статистикалық тәсілді қолдануға мүмкіндік береді. Осы әдіс шеңберінде 2027 жылға арналған лимиттер көлемі 407,9 млрд. т. құрады, бұл екінші әдіс бойынша есептелген лимиттер көлемінен (438,8 млн т.) 31,1 млрд. теңгеге төмен.

Сонымен қатар, **екінші әдіс бойынша** есептеу кезінде шығындардың әрбір бағыты жеке болжалды. Шығындар шолуын жүргізу шеңберіндегі жұмыс тобының отырыстарында облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің 2027-2029 жылдарға арналған лимиттері бойынша ұсыныстары қаралды *(2025 ж. 29.04. № 208 «Бюджетті жоспарлау қағидаларының» 2-тарауының 10-тармағына сәйкес).*

Нәтижесінде лимиттерді есептеу кезінде мыналар туралы шешім қабылданды:

- 2026 жылдың ағымдағы шығындардың базалық көлемінен өткен кезеңде жүзеге асырылған бір реттік сипаттағы шығындарды алып тастау: жол жөндеу, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне берілген субсидиялар, тауарларды бір реттік сатып алу, жөндеу жұмыстарын жүргізу, негізгі борышты төлеу, күрделі шығыстар және т.б.

- жоғарыда көрсетілген шығыстарды жаңа әлеуметтік объектілерді күтіп ұстауға, мемлекеттік органдардың құрылымының, штаттық санының, алушылар контингентінің өзгеруіне байланысты шығындарға, ЖСТ шеңберіндегі шығындарға *(күрделі шығыстар (соның ішінде лизинг), жалпы сипаттағы нысаналы трансферттер, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне субсидиялар, аудандарға субвенция және т.б.),* ЖМЗЖ бойынша аударымдар пайызының ұлғаюына, коммуналдық қызметтер тарифтерінің болжамды өсуіне *(ТМРКД мәліметтеріне сәйкес),* инфляция индексінің өсуіне және т.б. бағыттау.

Қорытындылай келе, **бірінші әдіс** экономикалық тұрғыдан тиімдірек көрінгенімен, оны дұрыс деп тану мүмкін емес, себебі ол тек өткенде көрсетілген факторларды ғана ескереді, ал екінші әдісте мәліметтердің алдағы үш жылдық кезеңмен корреляциясы, келесі жоспарлы кезеңдегі әрбір шығын түрінің өнімділігіне талдау жасау жүзеге асырылады. Осыған байланысты **екінші әдіс** ең оңтайлы әдіс деп танылды, бұл ретте алдыңғы үш және ағымдағы қаржы жылын талдау кезінде алынған мониторинг нәтижелері де лимиттердің болжамды көлемін есептеуде пайдаланылды.

Бұл ретте екінші әдіс бойынша есептелген шартсыз базалық шығындар көлемі 2026 жылғы ұқсас шығыстардан *(449,4 млрд. т.)* аз: 2027 ж. 10,9 млрд т. *(438,8 млрд. т.),* 2028 ж. – 20,6 млрд. т. *(428,8 млрд. т.),* ал 2029 ж. – 37,5 млрд. теңгеге *(411,9 млрд т.)* аз.

Бұл қаражат жаңа бастамалар шеңберіндегі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталады.

Шолудың және шартсыз базалық шығындар лимиттерін есептеудің егжей-тегжейлі нәтижелері осы есепке қосымшада көрсетілген.

ҰСЫНЫМДАР

2027-2029 жылдарға арналған шартсыз базалық шығыстардың болжамды көлемін есептеуді **екінші нұсқа** *(прогрессивті болжау әдісі)* бойынша жүргізу, сонымен бірге бірінші әдістің *(регрессивті болжау)* элементтерін қолдану, яғни алдыңғы үш жыл және ағымдағы қаржы жылы бойынша мониторинг нәтижелерін жүргізу және ескеру қажет.